

ПАЙДАЛАНУШЫЛЫҚ КЕЛІСІМ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Пайдаланушылық келісім (бұдан әрі – «Келісім») сақтандыру полисін сатып алу туралы тапсырысты ресімдеу мақсатында Келісімге қосылған «**Лондон-Алматы» СК» АҚ** (бұдан әрі – «Компания») мен Пайдаланушының арасындағы қарым-қатынастарды реттейді.

1.2. Сақтандыру полисін сатып алу туралы тапсырыс (бұдан әрі – «Электронды тапсырыс») тапсырыс ресімдеуге мүмкіндік беретін электронды бағдарлама болып табылады.

1.3. Келісімнің ережелерімен келісу арқылы Пайдаланушы Қазақстан Республикасы қолданыстағы заңнамасының нормаларын сақтай отырып, Келісім жасалғанға дейін, кейін және оны жасау уақытында берілген дербес деректерді өңдеу, пайдалану және сақтауға өзінің келісімін береді.

1.4. Келісімнің ережелерімен келісу арқылы Пайдаланушы сақтандыру құпиясына жататын ақпаратты және/немесе дербес деректер, Сақтандырушы қызметкерлері, Ассистанс, медициналық мекемелер, сонымен бірге сақтандыру полисін ресімдеумен байланысты өзге де тұлғалар бойынша ақпаратты ашуға өзінің келісімін береді.

1.5. Пайдаланушының тіркелуі және Электронды тапсырыс ресімдеуі Келісімді мақұлдау және Пайдаланушының оның ережелерімен келісетіндігінің растамасы болып саналады.

1.6. Келісімнің ережелерін қабылдау арқылы Пайдаланушы Келісімді орындау және Келісімді орындаумен байланысты наразылықтарды шешу мақсатында Компанияның оның электронды тапсырысты ресімдеу кезінде берген деректерін өңдеуіне өзінің келісімін беретіндігін растайды.

1.7. Келісімнің ережелері Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 395 бабына сәйкес жария оферта болып табылады, оның талаптарына сәйкес Компания Пайдаланушыға Келісімнің талаптарына сәйкес Электронды тапсырысқа тегін қолжетімділік береді.

1.8. Келісімнің талаптарымен келісу арқылы Пайдаланушы өзінің құқықтық қабілеті мен қызмет етуге қатысты қабілетін растайды.

2. ПАЙДАЛАНУШЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

2.1. Пайдаланушы Келісім талаптарын тиісті түрде сақтауға міндеттенеді.

2.2. Пайдаланушы өзінің пайдаланушылық атының сақталуын қамтамасыз ету үшін тиісті шараларды қабылдауға міндетті болады, сонымен қатар олардың сақталуы мен құпиялылығы үшін жеке жауапкершілік алады.

2.3. Пайдаланушы Электронды тапсырысты келісімде қарастырылған мақсаттардан басқа кез келген басқа мақсаттар үшін пайдаланбауға міндеттенеді.

2.4. Пайдаланушы сайтта берілген материалдар, мәтіндер мен өзге де құралдарды пайдаланбау, көшірмеу, таратпауға міндеттенеді. Пайдаланушы үшінші тұлғалардың ақпаратты таратуы немесе пайдалануына әкелетін немесе әкелуі мүмкін қандай да бір іс-әрекет жасамауға міндетті.

3. КОМПАНИЯНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

3.1. Компания Келісім бойынша құқықтар мен міндеттерді Келісімді орындау мақсатында үшінші беруге құқылы болмайды.

3.2. Компания Пайдаланушыға кез келген әдіспен, сонымен бірге егер оны Пайдаланушы онымен байланысу әдісі ретінде көрсеткен болса, телефон нөмірі арқылы Электронды тапсырыстардың қызметі туралы ақпаратты жіберуге құқылы.

3.3. Сақтандыру полисі берілгенге дейін Компания Пайдаланушы берген деректерді тексеруге құқылы болады, және Компания қате деректерді анықтаған жағдайда, Компания сақтандыру полисін сатып алу туралы, сақтандыру сыйықақысын қайта есептеу және өзге де шаралар жүргізу туралы өтінімді тоқтата тұру, өтінімнің күшін жоюға құқылы болады.

4. ТАРАПТАРДЫҢ КЕПІЛДІКТЕРІ ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

4.1. Компания Электронды тапсырыс жасау құқығына ие адамға, ұялы байланыс операторларына, құқық иелеріне және өзге де тұлғаларға залал келтіруге негізделген қандай да бір әрекет жасамайтындығына кепілдік береді.

4.2. Келісім бойынша міндеттемелердің орындалмағаны немесе тиісті түрде орындалмағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапкершілік алады.

4.3. Пайдаланушы Келісімнің талаптарын, сонымен бірге ҚР қолданыстағы заңнамасының талаптарын бұзған жағдайда, Компания Электронды тапсырысқа қолжетімділікті тоқтата тұруға құқылы болады.

5. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

5.1. Келісіммен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешілуі керек.

5.2. Келісімді орындаумен байланысты қандай да бір даулар немесе келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Пайдаланушы мен Компания оларды келіссөздер жүргізу арқылы шешу үшін барлық күштерін салатын болады. Даулар келіссөздер жүргізу арқылы шешілмейтін жағдайда, даулар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленген тәртіпте Компанияның орналасқан жері бойынша жалпы юрисдикция сотында шешілуі тиіс болады.

5.3. Пайдаланушы үшін Келісім тіркелген уақыттан бастап және тапсырыс ресімделгеннен бастап күшіне енеді және Тараптар Келісім бойынша өзінің міндеттемелерін орындағанға дейін қолданыста болады.

5.4. Келісім Пайдаланушы мен Компания үшін түсінікті болатын орыс тілінде жасалған.

5.5. Келісімнің қандай да бір ережесі жарамсыз деп танылса, ол Келісімнің қалған ережелерінің жарамдылығы мен қолданысына ықпал етпейді.